

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған **Алиева Жанат Абилжанқызының «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқыту ұстанымдары»** атты диссертациялық жұмысына

ШКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми сұраныстарына) байланысы

Ғылыми-зерттеу жұмысында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Интеллектуалдық ұлт-2020» атты бағдарламасына сәйкес еліміздің қоғамдық-әлеуметтік саласында инновациялық серпілістер жасау міндетіне орай ұлттық әдебиетті зерделеудің ұстанымдары айқындалған.

Қазақстан Республикасының күннен күнге қарқындап дамып келе жатқаны, әлемдік интеграциялық жүйеге ене бастауы еліміздегі ғылым саласының да дамып, барлық деңгейде жаңа, тың тақырыптардың қалыптаса бастағанын көруге болады. Осы бір уақыт талабына сәйкес аталған тақырып аясында зерттеулер жүргізіліп, ғылыми тұжырымдар жасалынған. Қазақ әдебиетіндегі түркілік сарынның бар екендігі ғылыми дәйектелді және оны бүгінгі күн талабында оқытудың қажеттілігі туындап отыр. Сондықтан да Ж.А. Алиеваның «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқыту ұстанымдары» атты зерттеу жұмысы қазіргі таңдағы қазақ әдебиетін оқытудағы ұстанымдарды айқындауда өзіндік жаңашылдығымен, идеяларының сонылығымен, танымдық және тағылымдық мәнінің жоғарылығымен ерекшеленеді. Бәсекелестікке қабілеттілік өмір сүрудің шартына айналып отырған жаһандану кезеңінде әр ұлттың өзін-өзі сақтауы оның білім беру жүйесіндегі тұғырларының беріктігіне, әлеуметтік-мәдени әлеуетінің биіктігіне тәуелді екенін ескерсек, қазақ әдебиетін оқытудың инновациялық үрдісін зерделеген бұл зерттеудің мәнділігі айқын көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, аталған тақырыпты зерттеп-зерделеу бүгінгі таңда бұл тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігін айқындайды.

2. Диссертациялық жұмысқа қойылатын (Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 9-10 тармағында және Ғылыми қызметкерлердің тиісті мамандықтарының төлқұжаттарында) ғылыми квалификациялық талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелер

Ізденуші Ж.А.Алиеваның диссертациялық жұмысының ғылыми нәтижелері «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 9-10 тармағына сәйкес диссертацияларға қойылатын талаптар деңгейінде жазылған.

Диссертацияның мазмұнын кіріспе, үш тарау, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімі құрайды.

Ізденуші зерттеу негізінде бірқатар ғылыми тұжырымдар жасауға қол жеткізген.

Зерттеу жұмысындағы қолжеткен өзіндік ғылыми нәтижелер мен қорытындылар докторлық диссертацияға қойылатын талаптарға сай.

Зерттеудің нысаны ретінде қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқытудың ұстанымдары алынған. Соған сәйкес ғылыми қорытындылар негізінен қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін жаңаша сипаттауға бағытталған. Докторант тақырыпқа қатысты басылым көрген ғылыми еңбектерді сараптап, тұжырымдық ұғымдар мен түсінік-пікірлерге өзіндік ой-пікір білдіріп, көзқарастарға сай қорытынды жасаған. Сондай-ақ қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытудың ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздерін айқындап, оның қалыптасуына ықпал еткен алғышарттарына ғылыми әдістемелік тұрғыдан сипаттама берген. Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың әдістемелік жүйесін саралау арқылы оны оқытудың негізгі ұстанымдары ғылыми тұрғыдан негізделген.

Ізденуші Ж.А.Алиеваның зерттеу еңбегінің ғылыми нәтижелері диссертацияларға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Ж.А. Алиеваның «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқыту ұстанымдары» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысының әр тарауында ізденуші тарапынан дәлелденген деректер негізінде шыққан нәтижелері, қорытындылары ғылыми деңгейде түсіндірілген және дәйекті түрде дәлелдене ұсынылған. Әр тарау соңында өз ойларын қорытындылап, тұжырымдар жасап отырған. Тұжырымдардың барлығы теориялық еңбектерді негізге ала отырып, әдеби теориялық, әдістемелік, дидактикалық материалдарға, педагогикалық тәжірибелерге сүйене отырып, талдау нәтижесінде жасалған. Түркілік сарын тұжырымдарының негізделуі мен шынайылығы, әдеби шығармалардан үзінділер келтіріле талдануы, ғалымдардың ғылыми қағидаларының негізге алынуы жұмыс мазмұнының толық ашылуымен құнды, сонымен бірге студенттердің құзіреттілігін қалыптастыру ғылыми-әдіснамалық қағидаларға сай жүргізген жағдайда барлық дағдыларды өзара бірлікте жүзеге асыру мүмкіндігінің артатынын көрсеткен. Диссертацияның ғылыми нәтижелерінің шынайылығы – оқыту мәселесіне қатысты тапсырмалар жүйесі арқылы студенттің білімі мен біліктілігін арттырып, логикалық ойлау деңгейін дамытуында және материалды саралау барысында танымдық қабілетіне талдау жасалғандығында.

Диссертацияда жасалған ғылыми тұжырымдар мен қағидалар, қорытындылар көңілге қонымды және оқыту тәжірибесінде сынақтан өтіп, тиімділігі дәлелденген.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқыту ұстанымдары күрделі мәселе болғандықтан, оның ғылыми нәтижелілігін қалыптастыру мақсатында зерттеу нысаны ретінде теориялық, әдістемелік тұрғыда алғаш рет көтеріліп отырғандығын атап өте отырып, алынған әрбір ғылыми

әдістемелік нәтижесіне, қорытындысына өзіндік ізденіске тән екенін аңғартады.

Қазіргі кезде әлемдік тәжірибеде қазақ әдебиетін оқытудың өзіндік өлшемдері мен деңгейлері, бағыт-бағдарлары қарастырылғанымен, қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың ғылыми-әдіснамалық жүйесі алғаш рет докторлық диссертация көлемінде зерттеу нысаны болып отыр. Диссертацияда ұлттық поэзиядағы түркілік сарындарды жоғары мектепте оқытудың мазмұндық-құрылымдық жүйесі нақтыланып, мысалдар арқылы дәлелденген. Қазіргі озық инновациялық әдіс-тәсілдердің тиімділігі тәжірибе арқылы сипатталған.

Ізденушінің көрсеткен жаңалықтары ғылыми жұмыстың тараулары мен тараушаларында берілген. Докторлық диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңалық дәрежесі соны болып табылады.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы

Ізденуші Ж.А.Алиеваның тарапынан тақырыптың таңдалуы, зерттеу нысаны, оның өзектілігі, зерттеу әдістерінің тиімділігі, ғылыми жаңалықтары, дереккөздерінің ауқымдылығы, тірек материалдарының нақтылығы зерттеу жұмысының нәтижелі орындалуына негіз болған. Диссертациялық жұмыс нәтижесінде алынған пікірлердің ішкі бірлігі сақталынған, ғылыми-теориялық, әдістемелік ой-тұжырымдары бірін-бірі толықтыра, сабақтастырыла баяндалған, оқытудың тиімді үлгілері логикалық байланыста орынды үйлестірілген. Әрбір тарауда ұсынылған және дәлелденген нәтижелер өзара бірлікте дәйектелген. Алынған тұжырымдардың өзара байланысынан теориялық негіздемелердің, әдістемелік түйіндердің сауатты да сенімді сипатталғанын көреміз.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы

Ж.А.Алиеваның диссертациялық жұмысы көне түркілік сарынның қазақ әдебиетінде қалыптасуын қарастырып, оны оқытудың ұстанымдарын қалыптастыруда ғылыми негіздерін зерделеуді, әдістемесін жасауды көздейді. Студенттердің білім деңгейін тереңдетіп, пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік береді және аталған тақырып қазақ әдебиетін жаңа арнада зерттеуге негіз бола алады, жаңа ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіншілік береді.

Қолданбалы міндеттерді шешуде диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен қорытындылары қазақ әдебиетінде жаңадан қалыптасып келе жатқан жаңалықтар арқылы зерттеулерді теориялық жағынан толықтыруға, сабақтастыруға ғылыми тұжырымдар білдіруге бағыттайды.

Докторант Ж.А.Алиеваның зерттеу жұмысын болашақта қарқынды дамыған техника мен ғылымның сұранысына сай әдебиеттану мен әдістеме ғылымына қатысты зерттеулерде, ал зерттеудің нәтижелері мен пайымдауларын түрлі деңгейдегі оқу орындарының филология факультеттерінде этнос тарихын, ұлттық дүниетанымды, ұлт мәдениетін әдебиет арқылы таныту бағытында оқытылатын «Қазақ әдебиеті тарихы»

пәндері бойынша өткізілетін семинар, ОБСӨЖ және СӨЖ сабақтарында пайдалануға болады. Докторлық диссертацияның теориялық маңызы өте зор.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындылары жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары, тұжырымдары, нәтижелері, қорытындылары автордың жарық көрген 12 ғылыми еңбектерінде көрініс тапқан. Олар Scopus мәліметтер кіретін журналдарда, республикалық, халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, алыс-жақын шетелдік және отандық ғылыми басылымдарда, оның 3-уі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған. Сонымен қатар 1 оқу құралы жарық көрген

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кездескен кемшіліктер

Ж.А.Алиеваның докторлық диссертациясында айтарлықтай кемшіліктер жоқ. Алайда, диссертация жазу барысында көрсетілген қысқартуларға қажетті түсініктемелер берілмеген. Оқыту ұстанымдарының негізгі принциптері туралы теориялық салыстырулар мен қатар практикалық сараптау аздық етеді. Бұл олқылықтар докторлық диссертацияның мазмұны мен ғылыми деңгейін төмендетпейді деп ойлаймыз. Сондықтан диссертациялық жұмыс ғылым талаптарына сәйкес.

9. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру ережелері 2-бөлімінің талаптарына сәйкестігі

Алиева Жанат Абилжанқызының «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқыту ұстанымдары» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысы – жан-жақты сапалы дәрежеде жазылған, логикалық желімен толық аяқталған іргелі зерттеу жұмысы. «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» 2-бөлімі талаптарына сәйкес жазылған.

Зерттеу жұмысының ғылыми-теориялық және практикалық жаңалықтары анықталған, қорғауға ұсынатын тұжырымдарының дәйектілігі нақтыланған, жарияланған басылымдары диссертацияның мазмұнын ашқан, жұмыс толығымен аяқталған және ғылыми жаңалығы көп жұмыс болып табылады.

Диссертациялық жұмыс Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай жазылған, ғылыми еңбектің авторы Ж.А.Алиеваға философия докторы (PhD) дәрежесін беруге толық болады деп есептейміз.

Ресми оппонент:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы



Жұмажанова Төкен Қонысбайқызы